

**"Жасалатын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және жекеше нотариустардың іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 5 шілдедегі № 202 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 185 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 29 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6312 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 245 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2011.06.29 № 245 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтүзбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін) Бұйрығымен.**

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы «Әділет органдары туралы» Заңының 7-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы «Нотариат туралы» Заңының 32-бабы 14) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жасалатын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және жекеше нотариустардың іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 5 шілдедегі № 202 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2934 тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

бұйрықтың 2-тармағында «Аумақтық әділет органдарының» деген сөздерді «әділет департаменттерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жасалатын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және жекеше нотариустардың іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру ережесінде:

барлық мәтін бойынша «әділет органы», «әділет органының», «әділет органына» деген сөздер «әділет департаменті», «әділет департаментінің», «әділет департаментіне», деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта «аумақтық» деген сөз алып тасталсын;

2-тармақта «, оның мақсатын, міндеттерін, қағидаттары мен көлемін» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақта орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізілді, мемлекеттік тілдегі

мәтіні

өзгермейді;

7 - тармақта:

«күтіледі» деген сөз «қамтиды» деген сөзбен ауыстырылсын;  
бірінші абзацтағы «тексеруден» деген сөз «тексеру» деген сөзбен  
ауыстырылсын;

екінші абзацтағы «тексеру» деген сөз «тексеруді» деген сөзбен  
ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы «зерделеу» деген сөз «зерделеуді» деген сөзбен  
ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы «тексеру» деген сөз «тексеруді» деген сөзбен  
ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы «талдау» деген сөз «талдауды» деген сөзбен  
ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы «сақтау» деген сөз «сақтауды» деген сөзбен  
ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы «зерделеу» деген «зерделеуді» деген сөзбен  
ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы «орындау» деген сөз «орындауды» деген сөзбен  
ауыстырылсын;

11-тармақта «нотариустың жекеше нотариаттық сектордағы жұмысының  
жалпы мерзімі» деген сөздерді «тиісті нотариаттық округіндегі қызметті жүзеге  
асырудың жалпы мерзімі» деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақта «мүмкін» деген сөз алып тасталсын, «жүргізілуі» деген сөз «  
жүргізіледі» деген сөзбен ауыстырылсын;

13-тармақта «мүмкін» деген сөз алып тасталсын, «құрылуы» деген сөз «  
құрылады» деген сөзбен ауыстырылсын, «бес адамнан» деген сөз «үш адамнан»  
деген сөзбен ауыстырылсын;

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:  
«Нотариус қызметін алғашқы тексеруден:  
нотариуспен нотариалдық қызметті реттейтін қолданыстағы заңнамаларды  
сақтау тәртібін;

нотариустың үй-жайына заңнамада қойылатын талаптарды сақтауды (   
нотариус офисінің халық үшін қол жетімді болуы, оның нотариус қызметінің  
аумағында орналасуы, нотариаттық іс-әрекеттер жасаудың құпиялығын  
қамтамасыз ету, маңдайшадағы жазу, жұмыс режимі, үй-жайға қойылатын  
санитарлық, өртке қарсы және басқа да талаптардың орындалуын қамтамасыз ету  
) ;

нотариустың мөрі мен бланкілерін сақтау, нотариустың тізілімдерді,  
кітаптарды жүргізуі мен сақтауы жағдайларын;

азаматтарды қабылдауды ұйымдастыруды;  
мұрағат үй-жайының жай-күйін және мұрағат құжаттарының;  
нотариус қызметінің ақпараттық-нормативтік жай-күйін зерделеуді қамтиды.

» ;

20-тармақта «нотариаттық өтілі бар» деген сөздерден кейін «және соңғы үш жылда тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған» деген сөздермен толықтырылсын ;

22-тармақта «жақсы» деген сөз алып тасталсын;  
мемлекеттік тілдегі мәтінінің 28-тармақпен толықтырып келесі мазмұндағы сөзбен толықтырылсын: Анықтамада алынған жағдайды толық талдау, комиссияның бағасы мен қорытындысы, сонымен қатар міндетті түрде іске асыру мерзімі көрсетілген нақты ұсыныстар болу қажет.»;

33-тармақта алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:  
«Нотариустың лицензиясын айыру, күшін тоқтата тұру немесе жою туралы лицензиарға ұсынымдар жіберу туралы шешімдер қабылданады.»;  
тармақтың орыс тіліндегі мәтінінің бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылып екінші абзацына түзетулер енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

34-тармақ алып тасталсын ;

2. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі

Қазақстан Республикасының  
Р. Түсіпбеков

" К Е Л І С І Л Д І "

Республикалық нотариаттық  
палатасының төрайымы

А.Б. Жанабилова

2010 жылғы 15 маусым